2022 жылы 20 мамырда
«Ардагерлер ұйымы» республикалық
қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс
шақырылған IX съезінде

БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі
Алматы облыстық Әділет
департаменті
Заңды тұлғаның филиалы
2022 ж. «22» 07
есепке алу тіркеу жүргізілді
БСН 220741037728

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық филиалы туралы
Е Р Е Ж Е

Нұр-Сұлтан қаласы

2022 жылғы мамыр

I. Жалпы ережелер

1.1. Жетісу облыстық ардагерлер ұйымы «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалы болып табылады, ол облыс аумағында құрылған аудандық, қалалық филиалдарды және бастауыш ұйымдарын біріктіреді, қызметін бағыттайды.

1.2. Жетісу облыстық филиалын құру туралы шешім «Ардагерлер ұйымы» РҚБ съезінің қаулысына сәйкес қабылданады.

1.3. Заңды тұлғаның атауы:

Мемлекеттік тілде: **«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі,** *қысқартылған атауы –* ***«Ардагерлер ұйымы» РҚБ.***

Орыс тілінде: **Республиканское общественное объединение «Организация ветеранов»,** *сокращенное наименование –* ***РОО «Организация ветеранов».***

ҚР Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 маусымда қайта тіркелді, өзгерістер мен толықтырулар 30 мамыр 2022 жылы еңгізілді, тіркеу № 2065-1900-ҚБ, БСН 920140000629.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа, ауданы, Бейбітшилик көш., 11, 207 кабинет.

1.4. Филиалдың атауы:

Мемлекеттік тілде: **«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу облыстық филиалы.**

Орыс тілінде: **филиал республиканского общественного объединения «Организация ветеранов» области Жетісу.**

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 040000, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 272 үй.

1.5. Филиал қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.6. "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігі **қызметінің мәні**:

1) қоғамдық-саяси және мәдени өмірге қатысу.

2) бірлестіктің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру.

II. Облыстық ардагерлер ұйымының құқықтық жағдайы, мақсаты, қызметінің мәні мен міндеттері

2.1. Облыстық ардагерлер ұйымының құқықтық жағдайы ҚР Азаматтық Кодексіне, "Қоғамдық бірлестіктер туралы", "Коммерциялық емес ұйымдар туралы", "Ардагерлер туралы" ҚР Заңдарына, "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігінің Жарғысына сәйкес айқындалады.

2.2. Облыстық ардагерлер ұйымы заңды тұлға құқығына ие емес және барлық әрекеттерді "Ардагерлер ұйымы" РҚБ-нің атынан жасайды.

2.3. Облыстық ардагерлер ұйымы аумақтық әділет органдарында есептік тіркелгеннен кейін банктерде есеп айырысу шоттарын ашуға, белгіленген үлгідегі мөрге және бланкілерге құқылы.

2.4. Облыстық ардагерлер ұйымы **қызметінің мақсаты** ардагерлердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз етуге жәрдемдесу болып табылады.

2.5. Облыстық ардагерлер ұйымы **қызметінің мәні:**

1) қоғамдық-саяси және мәдени өмірге қатысу.

2) бірлестіктің мақсаттары мен міндеттерін іске асыру.

2.6. Облыстық ардагерлер ұйымының **міндеттері:**

1) қоғамның бірлігін, келісімі мен тұрақтылығын нығайту жөніндегі жұмысқа қатысу;

2) ардагерлердің өмір сүру жағдайларын, мәдени-тұрмыстық, медициналық және басқа да қызмет көрсету түрлерін жақсартуға жәрдемдесу;

3) ардагерлерді зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңнаманы әзірлеуге қатысу;

4) мемлекет алдында ерекше еңбек сіңірген Отан қорғаушылар мен ардагерлерді мәңгі есте сақтау жөніндегі іс-шараларға қатысу;

5) ардагерлер жастар тәрбиесінде, аға ұрпақтың еңбек даңқы, жауынгерлік және ата-бабаларымыздың үздік халықтық дәстүрлері жұмысына қатысу, оларға қазақстандық патриотизм сезімін дарыту;

6) мемлекеттік органдармен, басқа да ардагерлер және қоғамдық ұйымдармен, бизнес-құрылымдармен байланысты дамыту;

7) әлеуметтік – экономикалық және мәдени даму жоспарларының әзірленуіне және іске асырылуына қоғамдық бақылауға қатысу;

2.7. «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Жарғысына және осы Ережеге сәйкес өзінің басшылық органдары арқылы құқықтарға ие болады және өзіне міндеттер алады.

III. Облыстық ардагерлер ұйымының басқару органдары

3.1. Облыстық ардагерлер ұйымының жоғары басқару органы конференция болып табылады, ол кемінде бес жылда бір рет өткізіледі.

Конференцияның шақырылуы, өткізілетін орны және күн тәртібі туралы ол өткізілгенге дейін үш айдан кешіктірілмей хабарланады.

Конференцияның өкілдік нормаларын және делегаттарды сайлау тәртібін облыстық ардагерлер кеңесі белгілейді.

3.2. Конференция, егер оған сайланған делегаттардың жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі. Конференция шешімі көпшілік дауыспен, оның жұмысына қатысатын делегаттардың ашық дауыс беруімен қабылданады.

3.3. Конференция:

1) кеңес мүшелерінің сандық құрамын айқындайды және атқарушы органды - облыстық кеңесін, сондай-ақ тексеру комиссиясын бес жыл мерзімге сайлайды;

2) республикалық ардагерлер Съезіне делегаттарды сайлайды;

3) облыстық ардагерлер кеңесі мен тексеру комиссиясының есептерін тыңдайды және бекітеді;

4) "Ардагерлер ұйымы" РҚБ Орталық кеңесіне, жергілікті жерлердегі мемлекеттік билік органдарына, ардагерлер ұйымдары қызметінің түрлі мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

5) облыстық ардагерлер ұйымы қызметінің негізгі бағыттарын айқындайды;

6) Жарғыда және осы Ережеде берілген өкілеттіктер шегінде басқа да мәселелерді шешеді.

3.4. Облыстық ардагерлер кеңесі:

1) жалпы отырыста (Пленумда) кеңес төрағасын, оның орынбасарын, жауапты хатшыны және Төралқа мүшелерін 5 (бес) жыл мерзімге сайлайды;

2) өз өкілеттіктері шегінде ардагерлердің қалалық, аудандық және бастауыш ұйымдарына басшылықты жүзеге асырады;

3) конференцияны шақыру мәселелерін қарайды, өкілдік нормаларын, облыстық конференцияға делегаттарды сайлау тәртібін белгілейді;

4) ардагерлерді әлеуметтік қорғау туралы заңдарды және басқа да заңнамалық актілерді іске асыруға жәрдемдеседі;

5) "Ардагерлер ұйымы" республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғылық ережелері мен міндеттерін іске асырады;

6) Орталық Кеңестің сенімхаты негізінде қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Ардагерлер ұйымы" РҚБ-нің Жарғысына қайшы келмейтін басқа да функцияларды орындайды;

7) ардагерлердің аудандық, қалалық және бастауыш ұйымдарына ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетеді, олардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтайды және таратады;

8) ардагерлердің өмірі мен қызметіне қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, қоғамдық және өзге де ұйымдармен, бизнес - құрылымдармен тұрақты байланыс жасайды;

3.5. Облыстық ардагерлер ұйымының Пленумы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет өткізіледі және отырысқа кеңес мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды деп есептеледі. Шешім ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылданады.

3.6. Облыстық кеңестің төралқасы

Облыстық ардагерлер ұйымының жалпы отырыстары арасындағы кезеңде ағымдағы мәселелерді шешетін тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган Төралқа болып табылады.

Төралқаның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде үш айда бір рет өткізіледі және отырысқа төралқа мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

3.7. Төралқа:

1) "Ардагерлер ұйымы" РҚБ съездің, конференцияның және пленумдардың шешімдерін, жарғылық ережелерін іске асыру жөніндегі жұмысты айқындайды және жүзеге асырады;

2) ардагерлердің аудандық, қалалық (*облысқа бағыныстағы қалалар*), бастауыш ұйымдарының қызметін үйлестіреді және бағыттайды, оларға ұйымдастырушылық және әдістемелік көмек көрсетеді, олардың есептерін тыңдайды, нәтижелері бойынша тиісті шешімдер қабылдайды, озық жұмыс тәжірибесін зерделейді, жинақтайды және таратады;

3) ардагерлер қызметінің өзекті бағыттары бойынша тұрақты комиссиялар құрады және олардың жұмысын тыңдайды;

4) облыстық ардагерлер ұйымының Пленумын шақырады;

5) аудандық, қалалық ардагерлер кеңесі төрағалығына үміткерлерді ұсынады;

6) аудандық, қалалық ардагерлер кеңесі төрағаларының кандидатураларын келіседі және олар бойынша Орталық кеңеске ұсыныс енгізеді;

7) "Ардагерлер ұйымы" РҚБ Жарғысына және осы Ережеге қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3.8. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

1) кеңес пен Төралқаның жұмысын ұйымдастырады;

2) сенімхат негізінде жергілікті мемлекеттік атқарушы және өкілді органдарда, қоғамдық және өзге де ұйымдарда "Ардагерлер ұйымы" РҚБ-нің мүдделерін білдіреді;

3) филиал шоттарындағы ақша қаражатына иелік етеді;

4) өз жұмысы туралы есеп береді;

5) салық заңнамасының мүлтіксіз сақталуына дербес жауапты болады;

6) Жарғыға және осы Ережеге сәйкес өзге де қызметті жүзеге асырады.

3.9. Облыстық Кеңестің төрағасы "Ардагерлер ұйымы" РҚБ Орталық Кеңесінің ұсынысы бойынша сайланады.

3.10. Облыстық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясын, конференция бес жыл мерзімге сайлайды және өз қызметін съезд бекіткен тексеру комиссиялары туралы Ережеге және Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Тексеру комиссиясының сандық құрамын облыстық конференция айқындайды.

Тексеру комиссиясының төрағасы мен төрағаның орынбасары комиссия отырысында сайланады.

IV. Облыстық ардагерлер ұйымы қызметтін тоқтату тәртібі

4.1. Облыстық ардагерлер ұйымының қызметі "Ардагерлер ұйымы" РҚБ съезінің шешімі бойынша не соттың шешімі бойынша тоқтатылуы мүмкін.